



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

## Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

13.03.2024 ж №12

### Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он үшінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он үшінші сессиясы 2024 жылғы 19 наурыз, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының  
төрағасы

О.Жәмиев

### Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезектен тыс он үшінші сессиясы 2024 жылғы 19 наурыз, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 19 наурыз, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2024 жылғы 19 наурыз, сағат 10.00-де өткізіледі.

#### Сессияның қарауына мына мәселе ұсынылады:

1. Созақ ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы

О.Жәмиев

## Созақ аудандық мәслихаты ШЕШІМ

13.03.2024 ж №13

### Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті он төртінші сессиясын шақыру туралы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабының 2-тармағына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті он төртінші сессиясы 2024 жылғы 28 наурыз, сағат 11.00-де, Шолаққорған ауылында шақырылсын.

Созақ аудандық мәслихатының  
төрағасы

О.Жәмиев

### Созақ аудандық мәслихатының депутаттары мен аудан халқының назарына

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 10-бабына сәйкес, Созақ аудандық мәслихатының сегізінші шақырылымындағы кезекті он төртінші сессиясы 2024 жылғы 28 наурыз, сағат 11.00-де Шолаққорған ауылында шақырылатыны туралы Сіздерді хабардар етемін. Мекен-жайы: Шолаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №16.

Депутаттарды тіркеу 28 наурыз, сағат 09.00-ден бастап аудандық мәслихатта өткізіледі.

Аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен мәжілісі 2024 жылғы 28 наурыз, сағат 10.00-де өткізіледі.

#### Сессияның қарауына мына мәселелер ұсынылады:

1. Аудан әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі және өндіріс орындарымен арадағы байланысы жайлы.

2. Аудандық орталық аурухананың атқарған жұмыстары мен алда тұрған міндеттері туралы есебі.

3. Қаратау ауылдық округі әкімінің есебі.

Сессия қарауына келіп түсуіне қарай өзге де мәселелер енгізілуі мүмкін.

Аудандық мәслихат төрағасы

О.Жәмиев

Мемлекет басшысының Әзербайжанға сапары Шуша қаласында жалғасты.

Екі ел президенттері Қарабақ тау жотасының баурайында орналасқан қаланың бас жоспарымен танысты. Содан кейін олар аймақтың көрнекті жерлерін, оның ішінде орталық алаңды, «Саатлы» мешітін, тау қыратындағы «Джыдыр дюзю» алаңын, «Бюль-Бюль» мұражай-үйін, жалпыұлттық көшбасшы Гейдар Әлиевтің 100 жылдығына орай ұйымдастырылған фотокөрмені және тағы да басқа тарихи орындарды аралап көрді.

Шуша шаһары ежелден әзербайжан мәдениетінің алтын бесігі саналған. Қала



## Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ильхам Әлиев Шуша қаласына барды

заманында гүлденіп, поэзия, көркемөнер және сәулет өнері дамыған орталық болған.

Бүгінде мұнда инфрақұрылым салу және қалпына

келтіру жұмыстары қарқынды жүріп жатыр. Қазірдің өзінде бірнеше қонақ үй, музей және мешіттер бой көтерген. Тұрғын үйлер, білім беру мекемелері, әлеуметтік нысандар, шіркеулер

салынып, жөнделуде. Сонымен қатар түрлі сала мамандарының қатысуымен нысандарды бағалау және түгендеу жұмыстары жүргізіліп жатыр.



## Ұлттық қор-балаларға:

### Жоба аясында тұрғындар 42 мың доллар шешіп алған

Қаржы министрлігі «Ұлттық қор - балаларға» жобасына қатысты соңғы мәліметтерді жариялады.

«Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ мәліметтеріне сәйкес, 1 наурыздағы жағдай бойынша 775 адам тұрмыс жағдайын жақсарту және оқу ақысын төлеу үшін 42 мыңнан аса АҚШ долларын шешіп алған.

2024 жылдың басында нысаналы талаптарға қатысушылардың саны 6 919 131 адам болды, оның 304 815-і 2024 жылы 18 жасқа толған.

18 жыл ішінде орташа инвестициялық кірістің 50 пайызынан қалыптасқан есептеулердің жалпы сомасы 695 519 269 АҚШ доллары болды, әрбір балаға 100,52 АҚШ доллары есептелді.

«2024 жылы кәметке толған балалар үшін «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ-на 30 640 003,80 АҚШ доллар қаражат аударылды», деп толықтырды Қаржы министрлігінің баспасөз қызметі.

«Созақ үні» - ақпарат.

## Еnbek.kz: Ақпан айындағы ахуал

Ақпан айында Еnbek.kz электрондық еңбек биржасында белсенділіктің төмендегені байқалды. Мәселен, қаңтармен салыстырғанда бос жұмыс орындар саны 16,5 мыңға (-17%) азайып, 80,8 мыңды құрады, ал түйіндеме саны 77,6 мыңға (-41%) азайып, 113,6 мыңды құрады.

Айлар арасындағы түйіндеме санының күрт өзгеруі біліктілігі жоқ қызметкерлерден ұсыныстардың 84,8 мыңнан 37,9 мыңға дейін немесе 55%-ға айтарлықтай төмендеуіне байланысты болып тұр.

Сұранысқа келсек, бос жұмыс орындарының 39,8 мыңы (49%) – орта білікті мамандарға, 25,8 мыңы (32%) – жоғары білікті мамандарға арналған. Ал біліктілігі төмен бос жұмыс орындарына 15,2 мың адамнан (19%) келеді.

Ақпан айында негізгі сұранысты білім беру ұйымдары (19,2 мың бос жұмыс орны) және басқа да қызмет түрлерін ұсынатын кәсіпорындар (10 мың бос жұмыс орны) құрап отыр. Бұл – барлық бос жұмыс орындарының үштен бірі.

Ақмола облысын қоспағанда (4%-ға өскен), барлық өңірде бос жұмыс орындарының саны қысқарған. Мәселен, ең үлкен төмен шама Түркістан (-35%), Жетісу (-34%) және Маңғыстау (-33%) облыстарында байқалады.

Сұраныспен қатар ұсыныс та осындай күйде. Түйіндеме санының азаюы барлық аймақта, әсіресе, оңтүстікте байқалды. Онда біліктілігі жоқ жұмыс іздеушілердің саны айтарлықтай азайды. Мысалы, Қызылорда облысында түйіндеменің жалпы саны 20,4 мыңнан 7,4 мыңға дейін, ал Жамбыл облысында 14,1 мыңнан 7,2 мыңға дейін қысқарды.

Ақпан айында барлық түйіндеменің 50,5 мыңы (44%) – 16-35 жас аралығындағы ізденушілер, 30,2 мыңы (27%) – орта жас (35-45 жас) өкілдері, тек 10,8 мыңы (10%) зейнет жасқа дейінгі адамдар орналастырды.

Ақпан айында жұмыс берушілер ең жоғары жалақы мөлшерін өнеркәсіптік альпинистерге (орта есеппен 1 млн теңгеден бастап), бас құрылысшыларға (656 мың теңгеден бастап) және жүйелік сәулетшілерге (600 мың теңгеден бастап) ұсынды.



## Жуантөбедегі жағымды жаңалықтар

## Аналарға айшықты құрмет



Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай Жуантөбе ауылында «Аналар асыл жандар» атты мерекелік бас қосу өтіп, ардақты аналарға құрмет көрсетілді. Мерекелік салтанатты да-

стархан барысында ауылдық округ әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы құттықтау сөз сөйлеп, аналарға сый-сияпат жасады. Сонымен қатар ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы

А.Жақсыбеков, мектеп директоры Б.Сейітқазиева, ауылдық әжелер, әйелдер кеңесінің төрайымы Қ.Қырқымбаева өздерінің мерекелік құттықтауларын жеткізді.

Мерекелік салтанатты дастарханға меценат, ауыл азаматы Нұрбақыт Тұрғабайұлы демеушілік жасап, ауыл көлеміндегі 70 жастан асқан 84 анаға мерекелік сыйлықтар тарту етті.

Жергілікті бюджеттен мереке қарсаңында ауылдағы 6 «Батыр ана», 25 «Алтын алқа» иегеріне, 44 «Күміс алқа», барлығы 75 ардақты, марапатталған аналарға әрқайсысының есепшоттарына 2 АЕК (3 692) көлемінде 7 384 теңгеден қаржылай сыйақы берілді.

Ауыл көлемінде де әйел аналарды қолдау, олардың тұрмыс тіршілігін арттыру қай кезеңде болмасын назардан тыс қалған емес.



## Қазатомөнеркәсіп QAMS номинациясында жеңімпаз атанды

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ 2024 жылы Қазақстандық миноритарлық акционерлер қауымдастығы (QAMS) тағайындаған миноритарлық акционерлермен диалогқа ұмтылысы үшін «Yntaly Kompaniya» номинациясында жеңімпаз атанды. «QAMS қауымдастығына Қазатомөнеркәсіптің Қазақстандағы капитал нарығын дамытуға қосқан үлесін жоғары бағалағаны және маңыздылығын мойындағаны үшін алғыс білдіреміз. Осы номинациядағы жеңіс 2018 жылғы қарашада IPO-ға шыққан сәттен бастап Қазатомөнеркәсіп қызметінің негізгі қағидаттары ашықтық, иелену үлесіне қарамастан барлық инвесторларға тең қарым-қатынас болып табылатынын растайды. Біз осы бағыттағы жұмысты жалғастырамыз және миноритарлық акционерлерімізбен коммуникацияның жоғары деңгейін сақтауға тырысамыз», - деді «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ-ның коммерция жөніндегі бас директоры Дастан Көшербаев.

«Көптеген мемлекеттік компаниялар IPO-ға шығуда. Олардың капиталында пайда болатын жеке акционерлер үшін негізгі мәселе инвестицияланған капиталды қайтару болып табылады.

Осыған байланысты миноритарлық акционерлермен байланысты басқару компанияның капиталдандыруын басқарумен тең болады. Бұл номинациядағы жеңіс бүгінгі таңда Қазатомөнеркәсіп IR-қызметінің бенч-

маркі екенін растайды және осы бағытта Қазақстанның басқа да жария компаниялары Қазатомөнеркәсіпке лайықты бәсекелес болады деп үміттенеміз», - деп атап өтті QAMS атқарушы директоры Данияр Темірбаев.

QAMS Басқарушы кеңесінің бірауыздан қабылдаған шешімімен Компания жеңімпаз деп таңдалды.

Номинацияға жергілікті және/немесе шетелдік биржаларда листингтен өткен Қазақстанда негізгі активтері бар жария компаниялар қатысады. QAMS ережелеріне сәйкес іріктеудің негізгі критерийлері:

- Миноритарийлермен байланысты жақсарту, эмитенттің нарықтық құнын арттыру және корпоративтік басқаруды жақсарту бойынша қабылданып жатқан қадамдар.

- Миноритарлық акционерлермен коммуникацияларда және нарық үшін маңызды ақпаратты ашумен байланысты оқыс оқиғалардың болмауы.

- Менеджменттің коммуникацияларды басқару нарықтық капиталдандыруды басқарумен тең екенін түсінуді көрсету.

QAMS марапаты Компанияның ақпаратты ашудың, корпоративтік басқарудың үздік тәжірибелеріне бейбілділігін және акционерлердің мүдделеріне сәйкес Қазатомөнеркәсіптің инвестициялық тартымдылығын арттыруға тұрақты ұмтылысын растайды.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**

## Мерекелік қабылдау

Мереке аясында Жуантөбе ауылдық округі әкімі аппаратының мәжіліс залында ауыл әкімі Абраев Дәуіржан Жолдасұлы ауыл көлеміндегі «Марапатталған аналар» мәртебесі бар «Алтын алқалы» және «Күміс алқалы» жас аналарды қабылдады.

Мерекелік қабылдау барысында ауыл әкімі аяулы аналар мен құрметті қыз-келіншектерді мерекемен құттықтап, арнайы «Будёновское» Бірлескен кәсіпорны» ЖШС жіберген сыйлықтарын тапсырып, сый-сияпат жасады.

Көңілімізге көктем шуағындай сезім мен нұр құятын әйелдер мерекесіне орай 50 анаға демеушілік жасаған «Будёнов-



ское» Бірлескен кәсіпорны» ЖШС-не алғыс білдіре отырып, ұжымына береке-бірлік, жұмыстарына табыс, сәттілік тілейміз.

## «КӨКТЕМ АРУЫ-2024» байқауы өтті



Жуантөбе ауылдық клубында мәдени ұйымдастырушы М.Исмайлованың ұйымдастыруымен «Көктем аруы-2024» байқауы мен мерекелік концерт өтті.

Ауыл өнерпаздарының ұйымдастыруымен және үміткерлердің қатысуымен өткен

мерекелік іс-шарада ауылдық округ әкімі құттықтау сөз сөйлеп, байқауға қатысушы үміткерлерге сәттілік тіледі. Сонымен қатар ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы А.Жақсыбекұлы мен әйелдер кеңесінің төрайымы Қ.Қырқымбаева өздерінің мере-

келік құттықтауларын жеткізді.

«Көктем аруы-2024» байқауының шарты бойынша үміткерлер 5 кезең бойынша өз өнерлерін паш етті.

Әділ қазылар шешімімен ерекше көзге түскен Тоқсейіт Аяулым жүлделі 1-орынды иеленді. Аман Кәусар жүлделі 2-орын, Мұхтар Мерей жүлделі 3-орын алды. Байқауға қатысушы Балғабай Қарақат пен Төлеш Әсел арнайы «Алғыс хатпен» марапатталды.

Байқау қорытындысы бойынша жеңімпаз ару аудандық байқауға жолдама алып, ауыл атынан қатысады.

**«Созақ үні»-ақпарат.**

Ақпан айының басында Шолаққорған ауыл әкімдігінің мәжіліс залында аудандық билер алқасының кеңейтілген жиыны өткен болатын. Ол жиынға аудандық құқық қорғау органдарының басшылары, ауыл, кент әкімдері, аудан, ауыл имамдары, ауыл билері қатысты. Осы жиында Қазақстан мұсылмандар діни басқармасының «Ас беру мәдениеті» ережесіне сай ауылдар елді мекендерде қайтыс болған кісінің рухына

## Астың "ас мәзірі" бекітілді

арнап ас беру кезінде ысырапшылдықтың алдын алу мақсатында арнайы ас мәзірлерінің тізімі бекітілген болатын. Онда дастарханның негізгі мәзірі:

- 1.нан,
- 2.бауырсақ,
- 3.шелпек,
- 4.су,
- 5.кәмпит,
- 6.печенье,

7.құрт,  
8.қант,  
9.ыстық тамақ,  
10.шай,  
11.құрма,  
12.талқан- деп бекітілген болатын. Сонымен қатар, жыртыс таратпау, ата балаларына шапан, киім қою мәселесіне де тиым салу туралы шешім қабылдады. Енді осы мәселелер аяқ ас-

ты қалып кетпей іске асырылуы мақсатында ауылдар мен елді мекендердегі билер, ауыл имамдары, жалпы ауыл жұртшылығы бір кісідей ат салысулары керек. Бұл ысырапшылдықтан бөлек бүгінгі алмағайып заманда дүркіретіп ас беруге біреудің шамасы келеді. Ал енді екінші бір кісілердің шамалары келмейді дегендей

халықтың әл ауқаты мен тұрмыс жағдайына байланысты теңгерімшілік те ескерілген еді. Сондықтан бармын деп тасынбай өзіңізге де өзге де пайдалы, ортақ мәмілеге келулеріңізді сұраймыз.

**Әбубәкір САХИҰЛЫ,  
«Әділ билер» Республикалық қоғамдық бірлестігі Созақ аудандық филиалының төрағасы.**



# Семинар өтті

Созақ аудандық орталық кітапханасында кітапхананы дамыту бөлімшесінің ұйымдастыруымен ауылдық кітапханашылардың кәсіби біліктілігін арттыру, озық іс-тәжірибеммен алмасу мақсатында «Созақ кітапханалары: атқарылған жұмыстың қорытындылары және дамытудың нақты бағыттары» атты аудандық аймақтық семинар өткізілді.

Семинар кеңесті ОКЖ директоры Элмира Қайдауқызы ашып, өткен жылды сәтті аяқтағандығын айта отырып, барлық кітапханашыларды 8 наурыз – Халықаралық әйелдер күні мерекесімен құттықтады.

Семинар барысында 2023 жылдың есептік кезеңіндегі сандық есептеріне, жоспарларына кітапханалардың жетістіктері мен мәселе-

лері туралы кітапхананы дамыту бөлімшесінің басшысы Б.Бекмуратова, ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету бөлімшесінің басшысы Г.Жонаева талдау-талқылау жұмыстарын жүргізді.

«Бір ел - бір кітап» акциясына таңдалған Бердібек Соқпақбаевтың шығармаларына арналған «Балалар әдебиетінің бәйтерегі» атты әдістемелік құралдар таратылды.

Семинар соңынан кітапханашыларға арнап мерекелік құттықтау болды.

Кәсіподақ төрайымы Жанна Мырқайдарқызы мерекелік құттықтау сөз сөйлеп, сый-сияпат тарту етсе, кітапхана мамандары әннен шашу шашып, жылы лебіздерін білдірді.



## Қазатомөнеркәсіп Қазақстан-Канада серіктестігін нығайтуда

Торонто қаласында (Канада) «Prospectors and Developers Association of Canada (PDAC) 2024» жыл сайынғы конференциясы аясында Қазақстан-Канада іскерлік кеңесінің 6-шы пленарлық отырысы өтті.

Қазақстан тарапынан іскерлік кеңестің тең төрағасы – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ АҚ басқарма төрағасы Мейіржан Юсупов, Канада тарапынан – Samco Corporation президенті Тим Гитцель.

Жалпы отырыс қарсаңында қаңтар және ақпан айларында тау-кен металлургия кешені, ауыл шаруашылығы және білім беру мәселелері бойынша 3 жұмыс тобының отырыстары өткізіліп, оларға 250-ден астам адам қатысты. Бұл отырыстарда екі елдің мемлекеттік құрылымдары мен бизнес өкілдері өзекті мәселелерді, оларды шешу жолдарын талқылады, өзара сауданы дамыту және инвестициялар тарту үшін ынтымақтастықтың басым бағыттары мен перспективалы жобаларды айқындады.

Пленарлық отырысқа канадалық және қазақстандық іскер топтардың атынан 150-ден астам адам қатысты. Іскерлік кеңес барысында энергетика-

Іс-шараның спикерлері ретінде сондай-ақ, «Kazakh Invest» ҰҚ АҚ, Export Development Canada компаниясының және канадалық Альберта провинциясы үкіметінің өкілдері сөз сөйледі.

Жеке сессия Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім вице-министрі Дархан Ахмед-Заки Қазақстанның жоғары білімнің академиялық хабын құру жөніндегі жоспарларын ұсынған білім беру секторына арналды.

Сондай-ақ, іскерлік кеңес аясында Қазатомөнеркәсіп басшылығы канадалық серіктестермен және әлеуетті клиенттермен кездесулер өткізді.

Айта кету керек, Қазатомөнеркәсіп пен Samco 1996 жылы Түркістан облысы, Созақ ауданында «Инкай» бірлескен уран өндіруші кәсіпорнын құрудан басталған көпжылдық табысты ынтымақтастықты байланыстырады. Кәсіпорын өз қызметінің басынан бастап қауіпсіздік пен корпоративтік мәдениеттің үздік стандарттарын ұстана отырып, корпоративтік әлеуметтік жауапкершіліктің жоғары деңгейін көрсетіп келеді. Тек 2020-2022 жылдар кезеңінде «Инкай» БК» ЖШС 69



ған ауданның жас спортшылары жеңіс тұғырынан көрініп, жүлдегер атанды.

Жарыс нәтижесі бойынша жасөспірімдер арасында серпе және жұлқа көтеруден 58 келі салмақта Тілеген Өскен мен Ергешбай Еркебұлан I орынды иеленсе, жастар арасында серпе көтеруден 68 келі салмақта Баби Орынбасар II орынға, 73 келі салмақта Оңалбай Алмас III орынға тұрақты.

Спортшыларға бір тасын көтерудің қыр-сырын үйретіп жүрген жаттықтырушысы Мұрат Серікбаев өз сөзінде «Біз бұл сайысқа аса тыңғылықты дайындықпен

келдік. Шәкірттеріміздің жеңіске деген ұмтылыстары басым болды. Алдағы уақытта бұдан да жоғары нәтижеге жетерімізге сенемін,-дейді.

«Созақ үні»-ақпарат.

## ГІР КӨТЕРУ СПОРТЫНАН ӨТКЕН ЖАРЫСТА ЖҮЛДЕГЕР АТАНДЫ

Тараз қаласында 7-11 наурыз аралығында бір спорттан серпе және жұлқа көтеруден жасөспірімдер мен жастар арасында Қазақстан Республикасының чемпионаты өтті.

Біріншілікке еліміздің барлық өңірінен 350-ге тарта жас спортшылар жиналып, бір тасын көтеру спорты бойынша өзара сынға түсті. Ел біріншілігінде Түркістан облысының намысын қорға-

### Мектеп тынысы



## Мерекелік шара өтті

Халықаралық әйелдер мерекесіне орай аудан орталығындағы Нәзір Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінде бастауыш сынып оқушылары арасында «Әжемнің бұрымды еркесімін» атты тақырыбында әже мен немере арасында сайыс өткізілді. Сайыс 2 «F» сыныбының жетекшісі, мектеп мұғалімі Л.Жолдасованың ұйымдастыруымен өткізілді. Аталған сайыстың негізгі мақсаты оқушылардың ой-өрісін, тіл байлығын, ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың үлкендер алдындағы парызы мен қарызы туралы білім беру, балаларды әжеге деген сүйіспеншілікке баулу, ана еңбегін ардақтап, мейірімділікке, сый құрметке тәрбиелеу мақсатында болып өтті. Сайыста әжелеріміз бен бұрымды қыздарымыз түрлі номинациялар бойынша марапатталып, мерекелік сыйлықтарға ие болды. Шараға қатысқан әжелеріміз бен бұрымды қыздарымыз және қонақтарымыз ерекше көтеріңкі көңіл-күймен және ризашылықпен тарқасты.

**Ләззат ЖОЛДАСОВА,**  
Н.Төреқұлов атындағы ІТ мектеп-лицейінің бастауыш сынып мұғалімі.

## ҚЫЗЫМ САҒАН АЙТАМ, КЕЛІНІМ СЕН ТЫҢДА

Созақ аудандық «Жастар ресурстық орталығы» КММ-нің ұйымдастыруымен Қымкент аудандық округінде «Қызым саған айтам, келінім сен тыңда» атты көне көз әжелердің жас келіндерге берер бағыт бағдары туралы шеберлік сынып өтті.

Шараға «Ақ әжелер» тобының мүшелері қатысып, жас келіндерге қазақтың салт-дәстүрін насихаттай отыра, жасаған дүниелеріне баға берді.

Кеш соңында шеберлік сыныпқа қатысқан келіндер «Жастар ресурстық орталығы» КММ атынан түрлі номинацияларға ие болды. Дәлірек айтқанда:

«Өнерлі келін» - М.Абдраманова

«Ибалы келін» - А.Өмірбаева

«Шебер келін» - Т.Шынтаева

«Үлгілі келін» - Ұ.Төкенова

Тәрбиелік мәні бар шара келіндердің кем-кетігін түзеп, жақсы жерін асырып, қазақи құндылықтарды үйренуіне ықпалын тигізді.

«Созақ үні»-ақпарат.



лық қауіпсіздік, көміртегі бейтараптығына қол жеткізу жоспарлары, экологиялық, әлеуметтік және корпоративтік басқару, сауда, инвестициялар тарту, білім беру және тағы басқа мәселелер талқыланды.

Қазақстандық делегацияны Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және құрылыс министрі Қанат Шарлапаев, канадалық делегацияны Канаданың халықаралық даму министрі Ахмед Хусейн (Ahmed Hussen) басқарды.

Бірінші панельдік пікірталас аясында кеңестің тең төрағалары Мейіржан Юсупов пен Тим Гитцель өзара ынтымақтастық және уран өнеркәсібін одан әрі дамыту, энергетикалық қауіпсіздік пен экологиялық тұрақтылық мәселелерін талқылады.

млн теңгеге жуық сомаға әлеуметтік сипаттағы жобаларды іске асырды, сондай-ақ өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына деп Түркістан облысының бюджетіне 193 млн теңге аударды.

Қазақстан-Канада іскерлік кеңесі жұмыс бастағалы бері Қазақстан мен Канада арасындағы әріптестікті нығайту үшін тиімді алаңға айналды. Қазатомөнеркәсіп ынтымақтастық бағыттарын әртарапандыру және екі елдің экономикасын дамыту мақсатында осы жұмысты жалғастыра бермек.

Пленарлық отырыс Қазақстан мен Канада елшіліктерінің және Канада-Еуразия сауда палатасының (CECC) қолдауымен өтті.

**Нұржамал МАЙУСОВА.**



**Еліміздегі басты басылымдардың бетінде зиялы қауым өкілдері қозғамдағы елге пайдалы, ұрпаққа өнеге болар игі істер жөнінде ой бөлісіпті. Халқымыздың салт-дәстүр, әдет-ғұрып жөніндегі келелі әңгімелер қозғайтын сол үрдіспен ватсап әлеуметтік желісінде, фейсбук парақша беттерінде қазіргі қазақты той, оны жүргізетін асабалар жайлы пікір жаздым. Бүгінгі дидактасуда ауданымызға танымал асаба, өзінің білімімен, кәсіби шеберлігімен елдің алғысын алып, той-жиындарды басқарып жүрген азамат Абай Аққулиев, әйелдер кеңесінің төрайымы Гүлдана Бигондиевалар өз ой-пікірлерін ортаға салды.**

**Мақсат:** -Кезінде ауыл тойларын совхоздың комсомол комитетінің хатшылары, совхоз партия ұйымының хатшылары, жұмысшылар комитетінің (рабочком) төрағалары, совхоз директорлары жүргізетін. Ол деген сөз ел ағала-



мат болып, атқа қонуыңмен құттықтаймын!» десе жарасар еді,-деп пікірімді қостым. Кейін осы пікірімді «Алдараспан» әзіл-сықақ театры өздерінің қойылымдарына арқау етіпті.

Семинардың атауы «Сөз түзелді, тыңдаушы сен де түзел!» деген тақырыппен өтті. Семинарға бізбен бірге Шал Кенжебай ағам да қатысқан еді. Ән салды, өз пікірін айтты. Жарапазанға түскен ақшаны сол жерде үйі өртеніп кеткен отбасыға қалдырып кеттік.

**Мақсат:** -Алтын інім Абайжан! Қазақтың әр күні той. Құдай тойдан ажыратпасын. Оны көпсінбейміз. Тек қазақты салт-дәстүр, әдет-ғұрып, салт-сана, ұлттық мінез-құлық шеңберіне саятын деңгейде өтсе деймін. Кеше де тойда болдым. Сол баяғы той. Кемшіні көбеймесе азаймаған. Байғұс той егесі баласынан ешнәрсесін ая-

Өйткені ол сіз бен біздің міндетіміз.

**Гүлдана Бигондиева:** -Мақсат өте орынды мәселені қозғапты. Тұрасын айтқанда ойымызда жүрген мәселені деп түсіп айтып отыр. Жаз айларында бірнеше күн тойға қатарынан барасың. Тура бір сарын, сол шапалақ мәселесі. Жұрт концертке барып отырған жоқ, тойға барып отыр. Қызықты, орынды болып жатса адам ризашылығын білдіру үшін шапалақты өздері де ұрады. Бір сарынды сценарий, жастың тойына да, ересек жасты тойлауға да сол ойын, сол сұрақ жауап. Кейбір кездерде намысың келеді.

Басқа жақтың асабаларында жұмысымыз жоқ. Ауылдағы өзіміз білетін асабалар өз шеберліктерін арттырса, тіл мәдениетін сақтаса, орынсыз ойындарды, анайы мысалдар мен көріністерді пайдаланудан аулақ болса демекпін. Тойды, көпшілікті, біреудің қызықшылығын ойдағыдай жүргізу той егесі мен көпшіліктің үдесінен шығу жауапкершілігін тәсіну керек. Сол себепті асаба тойға дайындықпен баруы керек.

**Бекжан Түйешилы:** -Біздің кездегі асабаларға тойдан сарқыт салып берсең соған рзазы болып кетуші еді, қазіргі асабалар кемі жүз мыңнан тілеп

# Той-салт дәстүріміз бен мәдениетіміздің мәйегі

ры қашанда идеология құлағында жүретін деген сөз. Жұрт ол азаматтарды құлақ түре тыңдайтын, асабалар да әдептен озбай, қазақы сөзді бұзбай, тыңғылықты, тындырымды жүйелі түрде тойларды өткізетін. Егемендік есігімізден еніп, асабалық кәсіп әртістерге, әртіс жалдауға шама шарқы келмейтіндер жергілікті өнерпаз жігіттерге ауысып, халық соларға сенім артатын болды. Кейін біртіндеп ұлттық идеологияның тұтқасы салт-дәстүрден, әдептен, рухани байлықтан адаланып көрінгеннің қолында кетті. Той-бұл дала мәдениеті, дәстүріміз бен салтымыздың қайнаған қара қазаны, ал осы мәдениетке жанашырлар-сол қазаның қақпағы. «Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді» деп тегін айтылмаса керек. Осы мақсатта бүгінгі той әдебі туралы ой қозғамақпыз.

**Абай:** -Аға, өте орынды ой қозғапсыз. Бірақ сіз айттып жатқан келеңсіз дүниелер менің табиғатыма келмейтін дүниелер. Жалпы сіз естідіңіз бе, естимедіңіз бе осыдан екі жыл бұрын. Түркістан қаласында облыстық асабалардың семинары болды. Жалпы өнер адамдарының десе де болады. Соған Созақ ауданынан мен шақырту алып, сол шараға қатысқан болатынмын. Со-сын өзім ғана бармайын деп «Созақ серілерінен» 3-4 жігіттерді ертіп барғанмын. Сол жерде біраз мәселелер қозғалды. Оның ішінде осы сіз айтқан мәселелер де бар. Ұятсыз ойындар, әбестік тірліктер, артық айтылатын орынсыз қолданатын сөздер сияқты біраз әңгімелер айтылды. Біршама ой түйіп қайттық. Идеяның авторы, негізгі ұйымдастырушысы Түркістан облысының сол кездегі найб имамы Самат Анарбаев ағамыз екен. Ол дін мен дәстүрді дәріптеуші, сол бағытта жұмыс жасап жүрген азамат. Бұл кісі қазір Шымкент қаласындағы «Бибі ана» мешітінің бас имамы. Оны қаржылай қолдап жүрген азамат Түркістан облысының бас имамы Мұхаммеджан деген жігіт. Сол азаматтар үлкен іс-шара ұйымдастырып қала әкімімен байланысып, ақылдасып, кеңесе отырып бірлесе өткізді. Қалалық ардагерлер кеңесі, кәсіпкерлердің тікелей қолдауымен Түркістан облысы бойынша барлық аудан, қалалардағы әнші, ақын, сазгер, асабалардың басын қосып өткізді. Әр ауданнан бір-бір футбол командалары шақырылып ойын өтті. Соңынан қортындылап, ауыз ашар берілді. Ал күндіз киелі орындарға саяхат жасалды.

Біз саяхатына үлгерсе алмадық. Күндіз сол күні біз Түлкібас ауданында жарапазан айтудан жарыс өтіп соған қатысамыз деп көшігіп, қорытынды жиын мен ауыз ашарға ғана үлгердік. Сол жерде жарапазан айттып, тарауық намазына қатысып, футболына қатыстық.

Бұл 2022 жылы ауыз ашардың уақытысына сай келген еді.

Сол секілді аудандық деңгейде кеңес өткізейік деген бастамаңызды қолдаймын. Той саласында жүрген жігіттердің баршасын шақырып өткізуге болады. Енді ешкімге тиым сала алмаймыз ғой. Бірақ ойларымызды айту үшін басқосуға болады. Енді жалпы әркімнің өз еркі, стилі бар. Сондай, солай ойнатқысы келетін шығар. Содан соң мынадай да бар.

Мақсат аға, сіз бен мен оны қаламағаныңызбен, «сондай болып өтсе деп» сондай ойындарды қалайтын той иелері де кездеседі. Соны қалап тұратын да той жасайтындар бар екен. Мен кейде бұлар неге жұртқа келеңсіз болып көрінетін нәрселерге соншалықты құмар болады десем ой-өрісі қабілеті, дәрежесі сол деңгейде болған соң сондай той болып өтуін қалайтын болуы керек.

Мен кез-келген тойдың иесіне айтарым бір-ақ сөз. Анекдот айтпаймын, би жарыс дегенді мүлдем ойнатпаймын. Оны той егесіне талай рет айттым да, айта да беремін. Олар болса: «Абай ол жағын білеміз ғой. Сосын ғой саған тапсырыс беріп отырғанымыз» дейді. Сол секілді мұның екінші жағы бар. Мал егесі демекші тапсырысты беріп отырған той егесі болған соң, оның талап еткенін амалсыз орындауға тура келеді.

**Мақсат:** -Тағы бір айтар ойым ауыл, ауданда өтетін той жиындарға неге өз өңіріміздегі жергілікті асабаларды жалдамасқа? Шымкент, Алматы Астанадан келген асабаның біздің жергілікті асабалардан не айырмашылығы бар? «Ойбай тамадасын Алматыдан жалдапты!» Пәленше деген әртіс жүргізеді екен!» деген дақпыртты атағы үшін бе? Аудандағы, қала берді ауылдағы асабалар алматылық, яки шымкенттік асабалардан артық жүргізбесе, кем жүргізбейтіні анық. Жергілікті асаба сені, сенің туысыңды таниды. Есептесуге де оңай, өтініш айтуға да болады. Ертең қайта қауышу үшін де өз іргенде жүреді.

**Абай:** -Тура осы форматта Созақ ауданы көлемінде үлкен шара өткізсе болады. Іздестіріп Шу, Жуантөбеден бастап Тайқоңыр, Ақсүмбе жақты қамтып той, жиын басқарып жүрген асабалар мен ақын-жазушыларды, әншілер мен сазгерлердің басын қосса болады. Кешкісін ауызашар, күндіз кеңес-жиын өткізсе болар еді. Жоғарыдағы өткен жиында менің айтқаның сундет тойларда тілек айтушылар сундеттелген балаға қатысты, «мұсылман болуыңмен!» деген құттықтау сөзі болды. Бала сундеттелген сәттен мұсылман болған жоқ. Ол әлімсақтан мұсылман болып саналады. Сол себепті жиын тойларда «мұсылман болуыңмен» демей, «аза-

мағаны көрініп тұр. Бірақ соны көрсетуге асабаның кәсібилік шеберлігі жетіспеді.

Жұрт тойға не үшін келеді? Ағайын туыстың құрметі үшін, күнделікті күйбең тірліктен шаршап демалу үшін, көптен көріспеген жеккөптен, туыстармен дидактас ганибет жүздесу үшін келеді. Кешегі тойда асаба «шапалақ» сұрап шаршатты, тіпті жұртты мезі етті десе болады. Тойға келген қонақтарды мектептің бастауыш класс оқушысы деңгейіне түсірді. Алдымен оң қолдарыңды көтеріңдер, сөйтіп оң жақтағы кісінің иығына салыңдар, сол қолдарыңды көтеріңдер сөйтіп сол жақтағы кісінің иығына салыңдар дейді. Тойда қолын келін атасының немесе енесінің, атасы, қайнағасы келінінің иығына салған қай қазақты көрдің. Енді бір асабалар шығыпты. Тойда бір қауым елге қарап сұқ саусағын ерніне апарып «тишшш!» дейтін. Ол асаба «тишшш» деген сөзін үйіндегі әйеліне, баласына айтса болар. Жасы келген қарттардың, елге сыйлы азаматтардың аузын жабуы қаншалықты дұрыс?

«Тишшш!»-деп мұғалім кішкентай оқушыларға, балабақша тәрбиешісі тәрбиеленуші бүлдіршіндерге айтса жарасар еді. Сондай-ақ асабаның жоғарыда айтқанындай бір емес, екі емес тойдың басынан аяғына дейін жұрттан шапалақ сұрауы, асабаның ең әлсіздігі дер едім. Асабаның әртістік шеберлігіне жұрт риза болып, еріксіз шапалақ ұратындай таланты болуы керек. Шапалақты жұрттан сұрап алмауы керек.

-Тойға жауапты ең бірінші той иесінің өзі. Ол асабаға нақты талаптар қоя білуі тиіс,-деп Пардабек ағамыздың бір айтқаны бар еді. Сол себепті мұнда той иесінің де талғамы болуы керек. Арзан екен деп қымбатының (тойының) бағасын түсіріп алмау жағын ойлағаны абзал. Абайжан, сенің той жүргізу шеберлігің маған ұнайды. Кенжебай Шал досымның той жүргізу деңгейіне де әңгіме жоқ. Өздерінің әлеуметтік желіде топтарың болса осындағы айтылған көпшіліктерді басқа әріптес асабалар қауымына айтса болмас па? Асаба әрбір тойға ізденіспен, тың жаңа бастамалармен, елдегі жаңалықтарға қанық болып келуі тиіс. Ол үшін күнделікті газет-журналдарды да бір шолып тұрса артық болмас еді. Қысқасы, сауатты, мәдениетті, киім киісі, жүріс-тұрысымен көпшілік қауымға үлгі боларлықтай азамат болса деймін. Асабаларға тойдан кейін жолығуға тырысып, қал-қадірім жеткенше айтып жүреміз. Өйткені асабалар шығармашылық ұйымдарға мүше емес, өз алдына бөлек кәсіп иелері. Сондықтан «эй» дейтін әжесі, «қой» дейтін қожасы жоқ жандар болып табылады. Халықпен, оның рухани дүниесімен ойнауға болмайтынын айта жүрейік.

тұрады»-деген ауыл ақсақалының сөзін естіген едім. Расында, қазіргі танымал асабалардың бағасы шарықтап кеткен. Екі-үш сағатта тойнаның жартысын алып кетеді. Ауылдан шыққан талантты асабалардың еңбегі бағаланусыз қалады. Кей асаба жаттанды сөзінен аса алмайды. Асабаларға да бір деңгейлі талап болу керек сияқты.

**Абай:** -Мақсат аға, өте орынды ой қозғап отырсыз. Гүлдана апай сізбен де толық келісемін, үлкендер ой қосыңыздар, пікір айтыңыздар, «сын түзелмей, мін түзелмейді» жастар содан қорытынды шығаруға әрекет жасаймыз.

**Гүлдана Бигондиева:** -Негізі бұл мәселе тікелей сенің атыңа айтылмаған, сені аудан деңгейіндегі асабалардың үлкені деп, аудандағы серілер тобының басшысы деп айтып отыр.

**Күмісбек Рақымбеков:** -Мақсат аға өте орынды тақырыпта сөз қозғапсыз. Той дегенде тәрбие мектебі секілді көпшілік асабаға қараған соң ауыздан жақсы сөз шығуы тиіс. Барлық адамның көңіліне қарап мәдениетті сөйлеу керек. Осы тақырыпта телевидениелерге менде көп сұхбаттар бердім. Өйткені 27 жыл асабалықпен шғылдандым қазір де сұраныс болып тұрады. Менің айтатын дегенім баспасөзден бөлек телевидениеде сұхбат өткізсек уақыт тауып менде қатыссам. Көпшілік болып қолға алмасақ болашақ ұрпақ жеңіл әзіл мен арзан күлкі әдепсіз ойындарға үйреніп кете ме деп қауіптенемін. Қаласаңыздар Түркістан телеарнасына өтініш айтайық. Абайжан оқып отырсаң байланыста болайық.

**Мақсат:** -Жарайды. Кемшіліктерді айттық. Енді алдағы уақытта не істейміз! Мақал-мәтелдер сайысы, шешендік сөздерден сайыс ұйымдастыру, ескі көнерген сөздердің мағынасын ашу, ұмыт болған дәстүрлерді дәріптеу мақсатында сұрақ-жауаптар ойнату. Ауылдың алты ауызын айттыру, күй жарыс, ән жарыс өткізу. Той өткізушілер арасында сайыс ұйымдастыру. Мәселен наурыз айы мен қыркүйек айлары аралығында аудан көлемінде өткен тойларды сараптап ішіндегі асабасы өнерлі, үлгілі, қонақтардың әдептілігі, той иесінің талғамы, оның көркем безендірілуі, би, әндер, видео роликтердің сапасы, түсірілім тәртібі, ұлттық сипатқа сай болуы төңірегінде алдын ала құрылған жергілікті комиссия мүшелері жан-жақты сараптап «Жылдың үздік ауыл тойы» аталымына ұсынылса. Бұл мәселе басқа аудандарда бұрын соңды болған емес. Той-ұлттық қазынасы деп бекерге айтылмаса керек. Сондықтан қазынамыздың аяқ асты болмауы үшін баршамыз той мәдениетіне зор мән беріп, қолдау білдірейік!

**Мақсат ҚАРҒАБАЙ,**  
ҚР Мәдениет саласының үздігі.



# Экстремизмнің бастауы діни сауатсыздық

Жалпы діни экстремизмнің негізгі тамыры – бұл сауатсыздық. Діни сауатсыздық дінді түсінбеу, ал дінді дұрыс түсінбеу адасушылық пен қате-кемшіліктерге алып келетіні айдан анық. Осы орайда, діни экстремизммен күресте ең маңызды қадам бұл діни сауаттылықты жетілдіру екендігі анық. Қазіргі таңда жастарымыздың көпшілігі діни білімді арнайы жоғарғы оқу орындарынан немесе медресе колледждерден жетілдірудің орнына әлеуметтік желілерден белгісіз бейресми парақшалардан ізденіп жатады.

Қазіргі замандағы адамдардың ең әлсіз тұсы – білімсіздік пен ғылым үйренуге деген құлшыныстың аздығы. Дін дегеніміз осы екен деп әлеуметтік желідегі жалған шейхтармен ұстаздардың сөзіне сенген заматтарымыздың ақ-қарасын ажыратып жатпастан, соқыр сеніммен адасуларының бір себебі осы білімсіздікте жатыр. Сол бір білімсіздіктің арқасында қазіргі таңда ғаламтор желілері арқылы да, түйсігі қатаймаған жастар жат ағымның жолына оңай еріп кетуде.

Бірінші кезекте экстремистік және террористік ұйымдар ғаламторды желі қолданушыларының әлі қалыптасып үлгермеген санасына тез әсер ету үшін қолданады. Яғни, олардың негізгі нысанасы әлеуметтік жағдайы мен дүниеге деген көзқарасы толық қалыптаспаған жастар екендігі айқын. Жастар ғаламторға

Қазіргі күнге дейін зерттеуші ғалымдар тарапынан діннің анықтамасына көптеген пікірлер айтылып, ой толғап келді. Дін – қоғамды белгілі бір деңгейде қалыптастырушы, ортақ тәртіпті сақтаушы, адамдарды ізгілік пен махаббатқа біріктіруші құрал ретінде өз қызметін атқаруда. Қазіргі таңда жер бетінде 8 млрд-қа жуық адам өмір сүруде. Сонымен қатар әрбір азамат пен азаматшаның діни ерік бостандығы халықаралық ұйымдардың және мемлекет заңымен берік

қатты сенім артып, барлық ақпараттарды ғаламтордан таба алатынына күмән келтірмейді, олардың үлкен қатерлерге апарып соқтыратын зияндылығын ескерусіз қалдырып жатады. Мысалы, деструктивті діни ағымның жетегінде кеткендердің 88% пайызына осы әлеуметтік желі әсер еткені белгілі болды. Әрине ғаламторды қолданбаңыздар деуден аулақпыз, бірақта ғаламтордан ақ пен қараны ажырата алатындай білім ізденгеніміз дұрыс деп ойлаймын.

Біз жастарымыздың деструктивті діни ағымның жетегінде кетпес үшін, балаға тәрбиені балабақшадан бастауымыз керек. Біз мемлекеттік жүйе ретінде шыдамдылыққа тәрбиелеуіміз қажет. Оларды пікірді құрметтеуге, имандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеуіміз керек. Жалпы адамның жүрегінен мейірім кеткен кезде түрлі күштеу, мәжбүрлеу, қианат жасау, жәбірлеу сияқты қианат-

тар қылаң береді. Сондықтан, мұның алдын алудың ең үлкен жұмысы осы мектепке дейінгі мекемеден басталуы тиіс. Бір ғана әдебиетпен, бір ғана кітаппен емес, бұл кәдімгідей жан-жақты қарастырылуы шарт.

Жалпы діни экстремизмнің негізгі түп тамыры – бұл сауатсыздық. Бір жақты оқу және әлеуметтік жағдайдың жоқтығы, мемлекеттің бір толыққанды идеологиясы болған кезде немесе идеология әлсіз болған кезде қылаң беретін дүниелер. Егер жастайынан белгілі бір мемлекеттік, діни идеологияға дұрыстап тәрбиеленетін болса бала меніңше, мұндай әртүрлі ұшқары ойлар, тезімсіз іс-әрекеттер болмайтын еді. Сондықтан, бұл тікелей жаңағындай білімсіздіктен, сауатсыздықтан жүйелі бір идеологияның жоқтығынан туындайтын дүниелер болып табылады.

Діни сауаттылық дін туралы білім

ретінде жалпы сауаттылықтың құрамдас бөлігіне айналуы тиіс. Барлық әлемдік, дәстүрлі, жаңа пайда болған діни ағымдардың тарихын, ілімін, құндылықтар жүйесінен танып-білу мен жалған діндердің, экстремистік топтардың белгілерін ажырата алу дағдысы қалыптасқан адамда радикалды идеяларға қарсы «ақпараттық иммунитет» қалыптасарды. Осы тұрғыдан алғанда жастар арасында діни сауаттылықты қалыптастырудың негізгі құралы ретінде «Дінтану» курсы өзекті бола түседі.

Қорыта келгенде, лаңкестік пен экстремизм идеологиялары және басқа да түрлі жат пиғылды, жат ағымдарға қарсы жастар арасында иммунитет қалыптастыру арқылы кез келген жат идеологияның таралуына тосқауыл бола аламыз. Сондай-ақ, тарих сахнасында көрініс тапқан жат ағымдардың жаңсақ идеологияларына қарсы тұрудағы басты құрал ғылым мен білім екеніне көз жеткіземіз. Бабаларымыз ақ білектің күшімен, ақ найзаның ұшымен ұлан-байтақ жерімізді жаудан қорғап, кейінгі ұрпаққа бейбітшілік заманын мұра қылып қалдырған еді. Алайда, бүгінгі жас ұрпақтың елді қорғаудағы бірден-бір жолы ол ғылыммен тағылым.

**Б.АБДРАХМАН,**  
Түркістан облысы дін істер басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ-нің теолог маманы.



секілді адамдардың қайталамауын өтінуде.

Дегенмен радикалды діни ұстанымдағы азаматтар әлі күнге дейін арамызда өмір сүруде. Бірнеше апта бұрын құқық қорғау органдары Астана, Шымкент, Ақтөбе облысында терроризмге насихаттады және қаржылай көмек берді деген бірнеше күдікті азаматты ұстады. Сондай-ақ Сирияға соғысқа кетпекші болған Түркістан облысының азаматын құрықтады. Мұның себебі біреу-ақ. Дінді шектен тыс зиянды идеялардан таза

## Діни радикализм қауіпті ұстаным

қорғалған. Яғни қандай да бір қоғам өкілі христиан немесе ислам дінін қабылдаймын десе өз еркі дегенге саяды. Тарихи хронологиялық кесте бойынша адамзатқа түскен ең жас дін – әрине ислам діні.

Ислам діні – барша халықты бірлікке, ынтымаққа шақырушы бейбітшілік діні. Себебі Құран Кәрім аяты мен хадис шәріптерге назар аударар болсақ өзге дін өкілі болмақ түгілі өзге мұсылманның қанын төгуді арам санаған және Мұхаммед пайғамбар (с.а.с) өсиетінде: «Дінде зорлық жоқ. Дін насихат» деп мұсылмандарға хақ жолды баяндап кетті. Өкінішке қарай, әлем сахнасында ислам, мұсылман атын жамылған лаңкестік ұйымдар мен топтар ислам дінін қол шоқпарға айналдыру үрдісі көрініс беруде. Себебі кезінде халифа Әли мен Шам жерінің әкімі

Муауия арасында болған соғыстан кейін көрініс берген харижиттерге тән радикалды көзқарас күнімізге дейін жалғасын табуда.

Радикализм (латынша radix – түбір, түп, тамыр) – белгілі бір көзқарасты ғана дұрыс деп тану, тек соны ғана жақтау деген мағынаны білдіреді. Мұндай ұстаным қалыптасқан қоғамдық дәстүр мен үрдістерді, көқарас пен институтты өз идеологиясына қарай өзгертуге бағытталады. Яғни тек менікі ғана дұрыс деп өзгені адасты, шатасты деген көзқарасты ұстану. Зерттеушілердің пікірінше, тарихтың ауыспалы кезеңдерінде пайда болатын бұл феномен қоғамның саяси және әлеуметтік саласында жиі көрініс береді.

Елімізде де радикалды бағытты ұстанушы «кат-такфир уәл-хижра» ұйымының іс-әрекеттері қалың көпшіліктің жағасын ұстатарлық

әрекеттерімен танылды. Намаз оқымайтын анасының істеген тамағын ішпей тоғыз ай тоғыз күн көтерген анасына «кәпір» үкімін беріп, шешесінен бас тартып, Алла алдында үлкен күнәні істеп, өзін періштедей пәк көрді. Ал шындығында Алла елшісі: «Кімде кім Алладан басқа тәңірдің жоқтығына иман келтірсе, жұмаққа кіреді» деп сүйіншілеп кеткен еді.

Кезінде Мұхаммед ибн Абдулахабтың соңынан ерушілер Мекке мен Мәдина қаласын басып алғаннан кейін сахабалардың мазарын қиратқаны секілді мұсылмандардың басына қойылған мазарларды қиратып, намаз оқымағандарды күпірлікпен айыптап соңы қарулы қақтығысқа ұласқанын еліміз әлі күнге ұмыта қойған жоқ. Сирия мен Шам жеріндегі соғыстарға «жиһад» ұранымен бесіктегі

баласын қоса алып кетуге мәжбүр еткен де дәл осы радикалды көзқарастары еді. Дегенмен жан-жақты дипломатиялық және әскери іс-қимылдар нәтижесінде шетел асқан қаракөз қандастарымызды елімізге қайтару ісі өз нәтижесін беруде. Алайда жат-жерде жүріп ақыл-санасы намаз оқымағандарды кәпір санатқызған радикалды көзқарасын жусан иісі емдеуде. Дәстүрді ұстануға болмайды деп, бет-аузын қара матамен тұмшалап паранжа киген қыз-келіншектер мен жас жеткіншектер жалған қағидадан еліміздегі дінтанушы-психолог мамандардың көмегі арқылы түзеліп қалыпты өмірге қайта оралып, қоғамдық ортаға бейімделуде. Өздерінің тек біз ғана ақиқатты ұстанушымыз деген ойлары түбінде жарға жыққанын түсініп, қателіктерінен сабақ алып, өзі

ұстамау. Дін тек бес парызды орындау емес. Не болмаса өзге елде халифат құру жолында соғысу емес. Дін насихат және өзге адамға тілімен не ісімен зиян тигізбеу.

Радикалды ұстаным тек қазақ елі үшін ғана емес әлем үшін де әрдайым қауіпті. Себебі өзге адамның діни сеніміне күшпен ену арқылы жол табу бейкүнә адамдардың өмірін қиюға алып келуі мүмкін. Ал бұл адамзат алдында кешірілмес қылмыс. Өзге адамдардың діни құлшылығын мансұқтап, тек меніңкі ғана дұрыс жол деген жаңсақ пікірден сақ болып адамгершілік, ар-ожданымызды сақтайық.

**Қ.ҚОСМАХАНОВ,**  
Түркістан облысы дін істері басқармасы «Дін мәселелерін зерттеу орталығы» КММ маманы.



# Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

Кредит бойынша төлем мерзімі өткен жағдайда, қарызды өтеу үшін белгілі бір ақша сомасын ұстап қала отырып, қазақстандықтардың шоттарына тыйым салынуы мүмкін екені белгілі. Алайда, Қазақстан заңнамасында кредитор алдында борыштық міндеттемелер болған кезде де қорғалатын «қол сұғылмайтын» шоттар ашу көзделген. Бұл шоттарға «арнайы шот» деген белгі қойылады, оларды есепке жазу үшін ашылатын төлемдердің атауы

ектің көпшілік берілген көлеміне бөлінетін нысаналы жарна қаражатына;

Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік саласындағы және концессиялар туралы заңнамасына сәйкес инвестициялық шығындардың өтемақысын есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

төлем талаптары негізінде банктік қарыздар бойынша клиенттердің алименттерді (кәмелетке толмаған және

## Арнайы шот: ерекшеліктері және шектеулері

көрсетіледі.

Бұл материалда Fingramota.kz шоттың осы түрінің ерекшеліктері туралы айтып береді.

### Арнайы шоттар заңмен қорғалған

2019 жылдан бастап Қазақстанда жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жазуға арналған шоттардан; азаматтардың тұрғын үй құрылыс жинақтарын; білім беру жинақтау салымдарын; кәмелетке толмаған және еңбекке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған алименттерден ақша өндіріп алуға тыйым салу көзделген.

Арнайы шот – бұл «қол сұғылмайтын» банктік шот, оның қаражаты қарыз алушының қарыз бойынша мерзімі өткен берешегі болған кезде үшінші тұлғалардың өндіріп алуынан толық қорғалған.

Арнайы шоттарды банктен жеке тұлғаның талабы бойынша және оның арнайы мақсаттағы банк шотын ашуға арналған өтініште көрсетілген жағдайда ашады. Арнайы шоттағы қаражатқа: тыйым салуға, банктен мен банктік емес ұйымдардың төлем талаптары бойынша, сот орындаушыларының инкассольдік өкімдері бойынша ақша өндіріп алуға жол берілмейді.

«Төлемдер және төлем жүйелері туралы» ҚР Заңының 27-бабы 10-тармағына сәйкес:

мемлекеттік бюджеттен және (немесе) Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорынан төленетін жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

тұрғын үй төлемдерін, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) емделуге ақы төлеу мақсатында «БЖЗҚ» акционерлік қоғамынан төленетін біржолғы зейнетақы төлемдерін, нысаналы активтерді, тұрғын үй жағдайларын жақсарту және (немесе) білім беру ақысын төлеу үшін бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорынан төленетін нысаналы жинақ төлемдерін есепке жатқызуға арналған банктік шоттардағы ақшаға;

нотариус депозиті шарттарында енгізілген ақшаға;

«Мемлекеттік білім беру жинақтау жүйесі туралы» ҚР Заңына сәйкес жасалған білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша банктік шоттардағы ақшаға;

банктік шоттардағы әлеуметтік медициналық сақтандыру қорының активтері және тегін медициналық көм-

екке жарамсыз кәмелетке толған балаларды күтіп-бағуға арналған ақшаны) есепке жатқызуға арналған банктік шоттарындағы ақшасына;

жеке сот орындаушысының өндіріп алушылардың пайдасына өндіріп алынған сомаларды сақтауға арналған ағымдағы шотындағы ақшаға; берілген банктік қарыздар бойынша көпіл нысанасы болып табылатын жинақ шоттарындағы ақшаға, төлем талаптары негізінде осындай банктік қарыздар бойынша өтелмеген негізгі борыш сомасы мөлшерінде;

әлеуетті өнім берушілердің немесе өнім берушілердің «Мемлекеттік сатып алу туралы» ҚР Заңына сәйкес мемлекеттік сатып алуға қатысу шеңберінде қамтамасыз ету шаралары ретінде ақша енгізуге арналған мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың банктік шотындағы ақшаға;

«Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына сәйкес рәсімді қолдану туралы іс қозғалған немесе рәсім қолданылған азаматтың банктік шоттарындағы ақшаға;

«Азаматтардың төлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттығы туралы» ҚР Заңына сәйкес сот арқылы банкроттық рәсінде ақшаны есепке жатқызу үшін қаржы басқарушысының ағымдағы шотындағы ақшаға өндіріп алуды қолдануға жол берілмейді.

Сондықтан, егер сіз жәрдемақылар мен әлеуметтік төлемдерді алушы болсаңыз немесе, мысалы, кәмелетке толмаған балаларды асырап-бағуға алимент аласаңыз, онда сізге банктен немесе «Қазпошта» АҚ-тан ағымдағы банктік шот емес, арнайы шот ашу қажет.

### Арнайы шотты қалай ашу қажет?

Арнайы шоттар ашу тәртібі Клиенттердің банктік шоттарын ашу, жүргізу және жабу қағидаларында көзделген, ол ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2016 жылғы 31 тамыздағы № 207 қаулысында жарияланған.

Қаулыға сәйкес арнайы шоттарды банктен немесе «Қазпошта» АҚ жеке тұлғаның талап етуі бойынша және арнайы мақсаттағы банктік шот ашуға арналған өтініште көрсеткен кезде ашылады.

**Аудан әкімдігінің кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімінің тапсырысымен.**

## Жосықсыз делдалдарға сенбеңіз

Қазақстанда жеке төлем үшін кредиттерді қайта құрылымдау бойынша қызметтер ұсынатын жосықсыз делдалдар көбейіп барады. Алаяқтар тұтынушылық кредиттер және микроқарыздар бойынша мерзімі өткен қарыздарды реттеу рәсіміне өтініштер жазу және кредиттік ұйымдарға ұсыну бойынша қызметтер ұсынады. Олар азаматтарды өз бетінше ұсынылған өтініштер қарастырылмайды деп иландырады.

Бұл қате түсінік! Қаржылық көрсетілетін қызметтерді тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында 2021 жылғы 1 қазаннан бастап кредиттік ұйымдардың төлемге қабілетсіз қарыз алушылар-жеке тұлғалардың берешегін реттеудің бірыңғай заңнамалық тәртібі қолданылады. Банктен мен микроқаржы ұйымдары азаматтардың қарыздар мен микрокредиттер бойынша мерзімі өткен берешектерін қайта құрылымдауға өтініштерін заңнамалық деңгейде қарауға міндетті. Қарыз алушылардың іс-қимыл алгоритмі қарапайым және бұл үшін ешкімге ақша төлеудің қажеті жоқ!

Fingramota.kz азаматтардың кредит бойынша мерзімі өткен берешек пайда болған жағдайда, олардың іс-қимыл алгоритмін еске салады.

1. Банк немесе МҚҰ қарыз алушыны төлем мерзімі өткені жөнінде ол басталған сәттен бастап 20 күн ішінде хабардар етуге міндетті. Хабарламада кредиторлар сонымен қатар, азаматтарды мыналар:

- пайда болған төлем мерзімі өтудің нақты мөлшерін көрсете отырып, төлемдер енгізу қажеттілігі туралы;
- қарыз алушы-жеке тұлғаның кредиторға жүгіну құқығы туралы;
- кредиттер мен микроқарыздар бойынша өз міндеттемелерін орындамаудың салдары туралы хабардар етуге тиіс.

Сондықтан, егер қарыз алушы өз міндеттемелерін орындай алмаса, онда ең алдымен банкке немесе микроқаржы ұйымына өтінішпен жүгіну қажет. Ешқандай жағдайда кредит берушіден жасырынуға болмайды! Қалыптасқан жағдайды оң шешу қарыз алушының ғана емес, кредиттік ұйымның да мүддесі үшін маңызды. Сондықтан, реттеу шаралары неғұрлым ертерек қабылданса, қарызды өтеудің өзара қолайлы нұсқасы соғұрлым тезірек табылатын болады.

2. Төлем мерзімінің өтіп кеткені туралы кредит берушіден хабарлама алғаннан кейін қарыз алушы мерзімі өтіп кеткен күннен бастап 30 күн ішінде жазбаша өтінішпен немесе шартта жазылған өзге де тәсілмен кредитті қайта құрылымдау үшін қызмет көрсетілетін қаржы ұйымына жүгінуі қажет.

Өтініште мыналарды көрсету қажет:

1. Өз міндеттемелерін орындамау себебін көрсету. Қолыңызда қиындықтарды растайтын құжаттар болуы маңызды.

2. Міндеттемелерді орындау бойынша өз нұсқаларын ұсыну.

Заңнамаға сәйкес кредит беру шартының талаптарына өзгерістер енгізу кезінде мыналар көзделеді:

қарыз немесе микрокредит бойынша сыйақы мөлшерлемесін төмендету жағына қарай өзгерту;

негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыру;

берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтей отырып өзгерту;

қарыз мерзімін өзгерту; мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіру, айыпақының (айыппұл, өсімпұл), комиссиялардың және банктік қарызға қызмет көрсетуге байланысты өзге де төлемдердің күшін жою;

көпіл берушінің ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті өз бетінше сатуы;

кредит берушіге көпіл мүлкін беру арқылы кредит беру шарты бойынша міндеттемені орындаудың орнына бас тарту төлемін беру; сатып алушыға кредит беру міндеттемесін бере отырып, ипотека нысанасы болып табылатын жылжымайтын мүлікті сату.

Банк өтінішті қабылдауға, тіркеуге және қарауға міндетті. Күнтізбелік 15 күн ішінде:

- сіздің шарт талаптарына ұсынған өзгерістеріңізді қабылдай отырып келісетіні;
- шарт талаптарын өзгерту туралы өз нұсқаларын ұсынатыны;
- уәжді негізделген себептерін көрсете оты-

рып, бас тартуы туралы жауап беруі керек.

Мынадай қалыптасқан жағдайлар шартқа өзгерістер енгізу туралы өтінішпен кредиторға жүгіну үшін негіз болуы мүмкін:

- қарыз алушының жұмыссыз қалуы;
- халықтың әлеуметтік тұрғыдан осал тобы (ХЭОТ) не атаулы әлеуметтік көмек алушы мәртебесін иеленуі;
- ауруына байланысты уақытша жұмысқа жарамсыздық;
- бала күтіміне байланысты демалысқа шығу;

- мерзімді әскери қызметке шақырылу;
- жақын туысының, жұбайының (зайыбының) қайтыс болуынан қосымша шығыстардың болуы;
- материалдық шығынға ұшырау (ұрлау, өрт, су басу және т.б.).

Маңызды! Қарыз алушының өзі кредиторға қаржылық және әлеуметтік жағдайы туралы ақпарат беруі, міндеттемелерін толық көлемде орындауға мүмкіндік бермей отырған кірісінің азаю не болмау фактісін растайтын құжаттарды ұсынуы тиіс. Сұратылған құжаттарды ұсынбау қарыз алушының өтінішін қараусыз қалдыру үшін негіз болып табылады.

Жасалған қарыз шартының талаптарына өзгерістерді мақұлдау туралы шешімді кредитордың уәкілетті органы қарыз алушының міндеттемелерін шарттың қолданыстағы талаптарымен орындай алмайтынын растайтын құжаттарды қарау және оның төлем қабілетін бағалау нәтижелері бойынша қабылдайды.

Шарттың талаптарына өзгерістер кредитор осындай шешім қабылдағаннан күннен бастап күнтізбелік 15 күн ішінде енгізіледі.

Егер қарыз алушы банктен немесе МҚҰ-мен келісімге қол жеткізе алмаған жағдайда, ол ҚР Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігіне (бұдан әрі – Агенттік) жүгінуге құқылы. Бұл ретте кредиторға жүгінгеніңізді және өзара қолайлы шешімге қол жеткізбегеніңізді растайтын құжатты ұсыну қажет. Агенттік өтініш негізінде өз өкілеттігі шеңберінде кредиторға қатысты құжаттамалық тексеруге бастамашылық жасайды және тексеру іс-шаралары аяқталғаннан кейін кредитордың іс-әрекеттерін бағалауды ұсынады.

Агенттік ХЭОТ-қа жататын қарыз алушы-жеке тұлғадан келіп түскен өтінішті қарау кезеңінде сотқа талап қою арқылы не соттан тыс тәртіппен көпілге салынған мүлктен ақы өндіріп алуға жол берілмейтін атап өтеміз.

Анықтама үшін! 2021 жылы енгізілген төлем мерзімі өткен берешекті реттеудің бірыңғай және міндетті тәртібі өзінің тиімділігін көрсетті және 1,3 млн қарыз алушыға шарттардың талаптарын өзгертуге мүмкіндік берді, оның ішінде 2023 жылы кредиторлар 815 мың қарыз алушының (330 мың банк қарыз алушысы, 485 мың МҚҰ қарыз алушысы) қарыздарын қайта құрылымдауды жүргізді.

Егер қарыз алушы кредиттік ұйымға жүгінбеген жағдайда не болады?

Егер реттеу процесі басталмаса, кредитор төлемге қабілетсіз қарыз алушыға қатысты мынадай шаралар қолдануға:

- борышкердің шотынан қарызды өтеу есебіне қаражат алуға (жәрдемақылар, алименттер, тұрғын үй төлемдерін, нотариустың депозиті талаптарында енгізілген ақшаны, білім беру жинақтау салымы туралы шарт бойынша ақшаны алуға арналған арнайы шоттарды қоспағанда);
- берешекті сотқа дейінгі өндіріп алуға және реттеуге коллекторлық агенттікке беру немесе талап ету құқығын үшінші тұлғаларға беруге құқылы.

- кредиторлар мәжбүрлеп өндіріп алу үшін сотқа жүгінуі мүмкін.

Кредитті ресімдеу кезінде асықпаңыз, алдымен банктің, МҚҰ-ның қандай комиссиялары мен талаптары бар екенін зерделеп алыңыз. Қысқа мерзімге берілетін кредитті қарастырыңыз және кредиттік шартқа қол қоймас бұрын оның барлық талаптарын оқып шығу керек. Кредитті ресімдеу туралы шешім қабылдамас бұрын, жан-жақты ойланаңыз. Өз атыңызға кредит ресімдеудің келешекте сіздің қаржылық әл-ауқатыңызға әсер етуі мүмкін екенін ұмытпаңыз.

**Қаржылық сауаттылығыңыз бен кредиттік жауапкершілігіңізді Fingramota.kz-пен бірге арттырыңыз!**



Сібір жарасы-адамдар мен жануарларға ортақ аса қауіпті, қоздырғышы жанасу механизмі арқылы берілетін, тері қабатының зақымдалуымен организмде қызба және интоксикация сепсис дамуымен сипатталатын жұқпалы ауру.

## Сібір жарасынан сақ болыңыздар!

Ауру қоздырғышы-«бациллус антрацис» деп аталатын қозғалу қабілеті жоқ, таяқша тәрізді микроб, сыртқы ортада спора түзеді. Спора түрінде микроб сыртқы ортада ұзақ уақыт ондаған жыл бойы өсіп-өну қабілетін жоймайды, аязға, ыстыққа шыдамды келеді. Оттегі микробтың спора түріне айналуына жағдай жасайды, сол себепті сібір жарасына күдікті малды сойып, ішін жарып көруге болмайды. Адамның ауруға шалдығуы көбіне ауру малға күтім жасағанда, сойғанда, терісін алғанда және ауру малдың өнімдерінен жұғуы мүмкін.

Малға ауру микробпен лас-танған жайылым шөбі, ішкен суы арқылы жұғады. Ауа райы ыстық, құрғақ болған жерлерде ауру тез тарайды. Ауру қоздырғышы ауылшаруашылық жануарларының ағзасына түскеннен кейін, көбейіп, қан арқылы тарап, 1-

дәрігер мамандары тегін жүргізеді. Егу жұмыстары кезінде жануарлардың толық егілуін қамтамасыз еткен жөн. Өлген жануарлар тіркелген жағдайда тез арада ветеринар маманға хабарлау қажет, өлген жануарды өз бетінше сойып, жарып көруге болмай-

3 күннен кейін ауру тудырады. Бұл ауру жануарларда әдетте ауыр түрде өтеді және көбіне ішек жолдарының бұзылуымен басталады. Іштің кебуі, қызудың көтерілуі байқалады, зәрі мен сүтіне қан араласып шығады. Ауру малдың денесінде қанталаған іріңді ісіктердің, жаралардың пайда болуы мүмкін. Ауру асқынғанда мал өледі. Ауруды болдырмау, алдын-алу мақсатында ауылшаруашылық жануарларын жыл сайын сібір жарасына қарсы егу жұмыстары жүргізіледі. Жануарларға егу жұмыстарын ветеринарлық мекеменің мал

ды. Ауру малды жасырып сойып, етін, терісін, жүнін және тағы да басқа өнімдерін саудалау-адамдар мен жануарлардың ауруға шалдығуына әкеледі. Шаруашылық иелері, меншігінде малдары бар адамдар ҚР «Ветеринария туралы» заңға сәйкес мал ауырған немесе өлген әрбір жағдайда шұғыл ветеринар маманға хабарласуыңыз керек. Ауылшаруашылық жануарларын ұстау ережелерін мұқият сақтаңыздар.

**ТО ВВ «Ветеринариялық қызметі» ШЖҚ МКК Созақ ауданы филиалы.**

## Вирустық гепатиттердің алдын алу

Вирусты гепатиттер- бауыр зақымдалуымен жүретін жұқпалы аурулар. Жедел гепатиттің ауырлығы әр түрлі болады: симптомсыз және клиникалық көріністері әлсіз дамығаннан бастап, ауыр және қатерлі өліммен аяқталатын түрлерге дейін. Вирусты гепатиттің барлық түрлерінің ішінде А гепатиті ең жиі кездеседі. Жұқтырған сәттен бастап аурудың алғашқы белгілері пайда болғанға дейін 7 күннен 50 күнге дейін созылады. Көбінесе аурудың басталуы температурасының жоғарылауымен бірге жүреді және тұмауға ұқсас болуы мүмкін.

В гепатиті вирусы жыныстық жолмен, нашақорлардан стерильді емес шприцтермен инъекция арқылы, анасынан ұрыққа беріледі. Ауру қызба, әлсіздік, буындардағы ауырсыну, жүрек айнуы және құсумен басталады. Кейде бөртпе пайда болады. Бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы байқалады. Сондай-ақ зәрдің қараюы және нәжістің түсі өзгеруі мүмкін.

С гепатиті – вирустық гепатиттің ең ауыр түрі, оны трансфузиядан кейінгі гепатит деп те атайды. Бұл олардың қан құйғаннан кейін ауырғанын білдіреді. Себебі, донорлық қанды С гепатиті вирусына тексеру бірнеше жыл бұрын ғана басталған. Көбінесе инфекция есірткіге тәуелді адамдарда шприцтер арқылы жүреді. Анадан ұрыққа жыныстық жолмен берілу де мүмкін. Ең үлкен қауіп- бұл аурудың созылмалы түрі, ол жиі циррозға және бауыр ісігіне айналады.

Гепатит вирустары адам ағзасына екі негізгі жолмен түседі. Ауру адам вирусты нәжіспен шығара алады, содан кейін ол басқа адамдардың ішектеріне сумен немесе тамақпен енеді. Дәрігерлер инфекцияның бұл механизмін фекальды оральный деп атайды. Ол А және Е гепатиті вирустарына тән. Сонымен А және Е гепатиті негізінен жеке бас гигиенасын сақтамау салдарынан, сондай-ақ сумен жабдықтау жүйесінің жетілмегендігі кезінде пайда болады. Инфекцияның екінші жолы- жұқтырған адамның қанымен байланысы. Ол В, С, D, G гепатиті

вирустарына тән. Инфекцияның таралуы мен ауыр зардаптарына байланысты ең үлкен қауіп В және С гепатиті вирустары болып табылады.

Инфекция жиі болатын жағдайлар: Донорлық қан құю. Дүние жүзі бойынша донорлардың орта есеппен 0,01-2% - гепатит вирусын алып жүреді, сондықтан қазіргі уақытта донорлық қан реципиентке құймас бұрын В және С гепатиті вирусының бар-жоғына тексеріледі. Жұқпа қауіп қайталап қан құюды қажет ететін адамдарда жоғарылайды.

А гепатитімен 2-4 аптадан, В гепатитімен 2-4 және тіпті 6 айға дейін. Осы кезеңнен кейін вирус ағзада көбейіп, бейімделеді, ауру басталып, өзін білдіреді. Бастапқыда сарғаю басталғанға дейін гепатит тұмауға ұқсайды және дене қызуының көтерілуімен, бас ауруымен, жалпы әлсіздікпен, дененің ауруымен басталады.

Ең үлкен қауіп – гепатиттің созылмалы ағымы. Хронизация тек В, С, D гепатиттің ең тән белгілері – күннің соңына қарай әлсіздік және шаршаудың жоғарылауы, бұрынғы физикалық белсенділікті орындай алмау. Созылмалы вирустық гепатиттің асқынған сатысында сарғаю, зәрдің қараюы, терінің қышуы, қан кету, салмақ жоғалу, бауыр мен көкбауырдың ұлғаюы, өрмекші веналар анықталады.

Жалпы алғанда, басқа адамдардың дене сыйықтықтарымен байланыста болудан аулақ болу керек, В және С гепатиттерін қорғау үшін – ең алдымен қанмен. Микроскопиялық мөлшерде қан ұстараларда, тіс щеткаларында, тырнақ қайшысында қалуы мүмкін. Бұл заттарды басқа адамдармен бөліспеңіз. Стерильді емес құрылғылармен персинг пен татуировканы жасауға болмайды. Жыныстық қатынас кезінде сақтық шараларын сақтау керек.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшы м.а.

## Мемлекет мұқтажы үшін жер учаскелерін және өзге де жылжымайтын мүліктерді мәжбүрлеп иеліктен шығарудың басталуы туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы «Мемлекеттік мүлік туралы» №413-IV Заңының 6-тарауына, 2003 жылғы 20 маусымдағы №442 Жер кодексінің 84-бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» №148 Заңының 31 бабына және Шөлаққорған ауылдық округі әкімдігінің 11.03.2024 жылғы №40-14-10/91 хатына сәйкес, Созақ ауданы әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Осы қаулының қосымшасында көрсетілген жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алынуы басталсын.

2. «Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі жер учаскесін мемлекет мұқтажы үшін алып қоюға байланысты мемлекет мұқтажы үшін иеліктен шығарылатын жер учаскесін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті бағалауды және осы қаулының орындалуына бағытталған басқа да тиісті іс-шараларды жүзеге асырсын.

3. Мәжбүрлеп иеліктен шығару күні осы қаулының ресми жариялау күнінен үш айдан ерте болмауы және үш жыл деп белгіленсін.

4. Қосымшада көрсетілген жер пайдаланушылар немесе жылжымайтын мүлік иелерімен келісім рәсімдерін жүзеге асырылуының орны Созақ ауданы, Шөлаққорған ауылы, Жібек жолы көшесі, №40 ғимаратта орналасқан «Созақ ауданы әкімдігінің жер қатынастары бөлімі» мемлекеттік мекемесі болып белгіленсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары А.Сатыбалдыға жүктелсін.

Аудан әкімі

М.С.Тұрысбеков.

## Кенеден сақтаныңыздар!

Жер аяғы жібіп, күн күрт жылитын көктем айлары-адам мен үй жануарлары үшін аса қауіпті саналатын кеміргіштер мен кенелердің көбейетін кезі. Осы кездерде сақтық шараларын барынша қатаң сақтау керек.

Кенелер-туляремия, кене энцефалиті, кенелік боррелиоз (Лайм ауруы) және Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы секілді ауруларды тудырады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК)-кенелердің және әртүрлі жабайы және үй жануарларының ағзасында болады. Аурудың басталуы кез келген вирустық инфекцияда болатын қарапайым белгілермен сипатталады. Ол-дене қызуының көтерілуі мен бас ауруы. Ауру асқынған жағдайда мұрыннан, қызыл иектен, ине салған жерлерден қан кете бастайды.

Адамдарға кенелерден қорғану үшін қалпақты (капюшон) комбинезон киіп, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу қажет. Сондай-ақ резеңкелі манжетті жеңі бар көйлек киген дұрыс. Мал сою кезінде де арнайы киім, қолғап киіп, маска тағу керек.

Вирустың берілуін тоқтату және жұқтырудың алдын алу үшін денеге жабысқан кенені мүмкіндігінше тез алып тастау керек. Жалаң қолмен кенені ұстау қауіпті екенін есте сақтаңыз. Қарапайым пинцеттің көмегімен кенені алуға болады. Ол үшін пинцетті қатты қыспай (кенені өзіп алмас үшін), абайлап және ұқыпты тартыңыз. Кене алынған жерді спиртпен сүрту керек. Алынған кенені ауызы тығыз тығындалатын ыдысқа салып, жабыңыз. Кенеден вирустың бар болуын арнайы мекеме зертханасы тексереді. Егер сізді кене шағып алған болса, онда тұрғылықты жер бойынша міндетті түрде емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгініңіз. Сізді 14 күнге дейін медициналық бақылауға алады. Дене қызуы көтерілген жағдайда емдеуді мүмкіндігінше ертерек бастау керек.

**Р.ДАДАБЕКОВ,**  
Аудандық орталық аурухананың дәрігер эпидемиологы.

## Конго-Қырым қанды (геморрагиялық) қызбасы ауруы қауіпті!

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы (КҚГК) – бұл вирус қоздырғышынан туындайтын аса қауіпті жұқпалы ауру, науқас дер кезінде медициналық көмекке жүгінбеген жағдайда, өлім жағдайына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының негізгі клиникалық көріністері: инкубациялық кезең (ауру қоздырғышын жұқтырғаннан аурудың алғашқы белгілерінің пайда болуына дейінгі мерзім) 1-14 күнге дейін созылады, бұл кезеңнің ұзақтығы вирусты жұқтыру жолына байланысты болады.

Аурудың алғашқы белгілері: дене қызуының кенеттен 39-40С-қа дейін көтерілуі; қатты бас ауыруы; көздің қызаруы; бет, мойын және дененің жоғарғы бөлігінің қызарып, ісінуімен және мойын, арқа, белдің ауыруымен; лоқсу немесе құсу; іш ауыруы немесе өтуі;

Ауру одан әрі дамыған жағдайда: денеден бөртпелердің пайда болуы;

мұрыннан, қызыл иектен, жатырдан, асқазаннан қан кету белгілері; ине енгізу орындарында қанталау (гематомалар) белгілерінің байқалуымен сипатталады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы қалай жұғады?

Негізгі жұқтырушы және ауру қоздырғыштарын тасымалдаушы кене болып табылады. Адамның ауруды жұқтыруы жұқпаланған кенемен қатынаста немесе кене шаққан жағдайларда, Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруымен ауырып жатқан науқас адамға күтім жасау кезінде науқастың қаны және ағза бөлінділері, сыйықтықтары арқылы және КҚГК қоздырғышымен залалданған медициналық құралдармен жанама байланыс арқылы жұғуы мүмкін. Сондай-ақ, ауылшаруашылық жануарлары, жабайы сүт қоректілерде (қояндар, кеміргіштер, кірпілер және т.б.) табиғи резервуар және қоздырғыш көзі болып

табылады.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасы ауруының алдын-алу:

-табиғи ошақ аумағында орналасқан елді мекендердегі жануарларды, қоражайлармен үй жайларының аумағын кенеге қарсы залалсыздандыру;

-табиғи ошақтарда орналасқан тұрғындар малдарды күтіп қарағанда, қырқыс кезінде кенелердің шабуылынан сақтану және кене қанымен жанамасты болдырмау мақсатында жеке қорғану үшін арнайы киім кию қажет (қалпақты комбинезон, шалбардың балағын шұлықтың ішіне салу, жақсы қорғалған аяқ және бас киім, резіңке қолғап);

-табиғатқа демалысқа шыққанда кененің жабысқаны көрінетін ашық түсті, жақсы қорғалған, резеңкелі манжетті жеңі ұзын көйлек кию қажет. Денеге кененің жабысқанын тексеру үшін өзіңізге байқалмайтын орындарды (мойын, бастың шаш бөлігі, дененің

артқы жағы, т.б.), бір-біріңіздің үстеріңізді мұқият қарап отыру қажет. Дененің ашық жерлеріне және киімге кенелердің шабуылынан қорғайтын немесе оны өлтіретін арнайы сақтану құралдарын қолдану қажет;

-кене шаққанда немесе кенемен жанама болу арқылы аса қауіпті инфекцияны жұқтыру мүмкін болғандықтан, өзіңізді және өз жанұяңызды қорғау үшін міндетті түрде жеке басты қорғау, сақтану құралдарын пайдаланыңыз!

Кене шаққан немесе кенемен жанама болған жағдайларда міндетті түрде медициналық ұйымға қаралуыңыз және 14 күн медициналық бақылауда болуыңыз қажет.

**Е.ТӨРЕБЕКОВ,**  
Созақ аудандық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшы м.а.





muftiyat.kz



# Рамазан

## Ораза кестесі

### 2024

Ғижри 1445 жыл

ШОЛАҚОРҒАН

РАМАЗАН АЙЫ	АПТА КҮНДЕРІ	НАУРЫЗ ЖӘНЕ СӘУІР	ТАҢ (Сәресі бітетін уақыты)	КҮННІҢ ШЫҒУЫ	БЕСІН	ЕКІНТІ	АҚШАМ (ауызашар уақыты)	ҚҰПТАН
1	Дүйсенбі	11 Наурыз	05:24	06:39	12:36	16:40	18:28	19:44
2	Сейсенбі	12 Наурыз	05:22	06:38	12:36	16:41	18:29	19:45
3	Сәрсенбі	13 Наурыз	05:20	06:36	12:36	16:42	18:30	19:46
4	Бейсенбі	14 Наурыз	05:18	06:34	12:35	16:43	18:32	19:47
5	Жұма	15 Наурыз	05:16	06:32	12:35	16:44	18:33	19:49
6	Сенбі	16 Наурыз	05:15	06:30	12:35	16:45	18:34	19:50
7	Жексенбі	17 Наурыз	05:13	06:29	12:35	16:46	18:35	19:51
8	Дүйсенбі	18 Наурыз	05:11	06:27	12:34	16:47	18:36	19:53
9	Сейсенбі	19 Наурыз	05:09	06:25	12:34	16:48	18:38	19:54
10	Сәрсенбі	20 Наурыз	05:07	06:23	12:34	16:49	18:39	19:55
11	Бейсенбі	21 Наурыз	05:05	06:21	12:33	16:50	18:40	19:57
12	Жұма	22 Наурыз	05:03	06:20	12:33	16:50	18:41	19:58
13	Сенбі	23 Наурыз	05:01	06:18	12:33	16:51	18:43	19:59
14	Жексенбі	24 Наурыз	04:59	06:16	12:32	16:52	18:44	20:01
15	Дүйсенбі	25 Наурыз	04:57	06:14	12:32	16:53	18:45	20:02
16	Сейсенбі	26 Наурыз	04:55	06:12	12:32	16:54	18:46	20:03
17	Сәрсенбі	27 Наурыз	04:53	06:11	12:32	16:55	18:47	20:05
18	Бейсенбі	28 Наурыз	04:51	06:09	12:31	16:56	18:49	20:06
19	Жұма	29 Наурыз	04:49	06:07	12:31	16:57	18:50	20:08
20	Сенбі	30 Наурыз	04:47	06:05	12:31	16:58	18:51	20:09
21	Жексенбі	31 Наурыз	04:45	06:03	12:30	16:58	18:52	20:10
22	Дүйсенбі	1 Сәуір	04:43	06:02	12:30	16:59	18:53	20:12
23	Сейсенбі	2 Сәуір	04:41	06:00	12:30	17:00	18:55	20:13
24	Сәрсенбі	3 Сәуір	04:39	05:58	12:29	17:01	18:56	20:15
25	Бейсенбі	4 Сәуір	04:37	05:56	12:29	17:02	18:57	20:16
26	Жұма	5 Сәуір	04:35	05:54	12:29	17:03	18:58	20:17
27	Сенбі	6 Сәуір	04:33	05:53	12:29	17:03	18:59	20:19
28	Жексенбі	7 Сәуір	04:31	05:51	12:28	17:04	19:01	20:20
29	Дүйсенбі	8 Сәуір	04:29	05:49	12:28	17:05	19:02	20:22
30	Сейсенбі	9 Сәуір	04:27	05:47	12:28	17:06	19:03	20:23

**ЕСКЕРТПЕ:**

10 сәуір – Ораза айт.

Сәуір айының 5-інен 6-сына қараған түн – қасиетті Қадір түні.

Ораза ниеті: Алла Тағаланың разылығы үшін таң атқаннан күн батқанға дейін рамазан айының оразасын ұстауға ниет еттім.

Ауызашар дұғасы: Уа, Жаратқан Ием! Сенің разылығың үшін ораза ұстадым, Саған иман келтірдім, Саған тәуекел еттім, Сен берген ризықпен ауыз аштым. Уа, Кешірімді Алла! Менің алдыңғы және кейінгі күнәларымды кешір!

Сақтық үшін сәресін 10 минут ерте жабу.

Пітір садақасы жан басына 640 теңге.

Пітір садақа және садақаны Kaspi.kz, Halyk Homebank, ForteBank, Банк ЦентрКредит, Astana-Plat, Bereke Bank мобильді қосымшалары және Қазпошта арқылы аударуға болады.

Рамазан кестесін  
MUFTIYAT.KZ сайты мен  
MUFTIYAT APP қосымшасынан  
жүктеп алыңызCall орталық 24/7  
+7(707)233 30 30

Сенімгерлік басқарушы:

**"Agro-sozak" ЖШС**

Меншік иесі-

**"Созақ үні" газеті редакциясы**  
жауапкершілігі шектеулі  
серіктестігіДиректор:  
Абилпаттаев Ержан  
БакытжановичБас редактор:  
Теңізбаев Сәрсенбек  
Сайлаубекұлы  
Жауапты хатшы:  
Мақсат ҚарғабайРедакция құрамы:  
Аға тілшілер-  
Нұржанал Майусова  
Данияр БЕКОВ  
Тілшілер-  
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ  
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ  
Дизайнер-  
Асхан БАҚТЫБАЕВ  
Терімші-  
Бағила АЯЗБАЕВА  
Фототілші-  
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен екі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта  
аптасына 2 рет шығады  
Индекс 64450Редакцияның мекен-жайы:  
161000, Шолақорған ауылы,  
С.Қожанов көшесі, байланыс  
телефондары 4-15-30  
(факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №  
таралымы -  
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.